

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы
«Ботақан» ортаңғы тобы



Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті

Тақырыбы:

«Құстарға қамқор болайық!»



Тәрбиеші: Абдиразакова Д.

2023-2024 оқу жылы

Білім беру дағдысы: Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Білім бөлімі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Құстарға қамқор болайық!».

Мақсаты: Өлкедегі құстар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту. «Құстарға қамқор болу керек» деген көзқарасын қалыптастыру.

Алдын ала жұмыс: Суреттер мен фотосуреттерді қарау, бейнетаспаларды көру, ұнтаспаларды тыңдау, жұмбақтар шешу және т.б.

Жабдықтар мен материалдар: Тақырыпқа байланысты суреттер, «Құстар» тақырыбындағы сурет, құстың ұясы, ойыншық құстар.

Педагог балалардың жұмыс істеуіне эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады. Құстардың дыбыстарын естиді. Ұнтаспадан тыңдайды.

-Балалар қандай құстарды білесіңдер

-Құстар нешеге бөлінеді

-Ал қандай құстарды қыста даладан көрдіңдер

-Кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Ондай құстарды қалай атайды?

Қазір қандай жыл мезгілі

Сұрақтарға балалар жауап береді.

Ал, олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын

Жұмбақтар шешеді: Қара түсті қарқылдақ,

Ұшып-қонып жалпылдап.

Қоқыстарды іздейді,

Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға)

Жем көрсе,

Шықылықтап қалтаңдайды.

Сескенсе,

Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан)

Бұл құсты бәрі білер,

Ауламызда шырылдап.

Шиқ-шиқ етер, қоңыр.... (Торғай)

Кеудесі сары, жем шоқыр,

Жып-жып етіп ұшар, Бұл қай құс.... (Сарышымшық)

«Еркін самғап ұшсын»-деп,

Мәпелейміз баптаймыз.

«Бейбітшілік құсы», -деп

Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін)

Сергіту сәті: Ептеп, ептеп, жерден бидай терейік,
Тергеніңді торғайларға берейік.
Торғай-торғай томпаң-томпаң секіріп,
Шаршадыңба, отыра зой, деміңді ал.

Тоқылдақ-орман құсы. Ағаш қуысындағы зиянды жәндіктермен қоректенеді. Оны «Орман дәрігері» -деп атайды. Орманда оның тоқылдатқан дыбысын естуге болады. Көгершін, кептер- қала, ауылда адамдарға жақын мекендейді.

Мыршай суықторғайды сипаттауға тапсырма бергенін айтады. Ол жыл құсы ма, әлде қыстап қалатын құс па? Қандай тіршілік етеді? Немен қоректенеді? Қанаты қандай?

-Суықторғай өте әдемі құс. Төбесі, қанаты, құйрығы қара, мойнының үсті мен арқасы сұрғылт, бауыры қызғылт.

Педагог балалардың айтқандарын толықтырады. Суықторғайлар ағаш тұқымдары, жеміс-жидек, шетеннің жемісімен қоректенеді. Қылқанжапырақы ормандарда және аралас ормандарда тіршілік етеді және ұяларын аса бейік емес қылқанжыпырақты ағаштарға тостаған етіп жасайды.

Құстардың суреттеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Дидактикалық ойын «Құстарды ажырат»

Шарты: столдың үстіне әртүрлі құстардың суреттері қойылады, Балалар оларды жыл құстары және қыстап қалатын құстарға бөледі.

Тәрбиеші сұрақ-жауап арқылы қорытынды жасайды.

-. Қандай құстарды кездестірдіңдер?

Бүгінгі танысқан құстарды бір сөзбен қалай атауға болады?

Құстарға қандай қамқорлық көрсетуге болады?

Күтілетін нәтижелер:

Біледі: Құстардың аттарын.

Игереді: Құстардың тіршілігін және оларға қамқорлық қажет екенін.

Меңгереді: Құстарды қоректендіру дағдыларын.

Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетімізге өте жақсы қатыстыңдар!



«Құстарға қамқор болайық!» атты ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті барысында

